«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған
кітапхана жүйесі» ММ
Әдістеме-библиография бөлімі

# Аруана жетектеген ақын



айтыскер ақын Әлпия Кәрбозқызы Орманшинаның
туғанына – 70 жас (1955)

ЖАДНАМА

«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған
кітапхана жүйесі» ММ
Әдістеме-библиография бөлімі

# Аруана жетектеген ақын

**айтыскер ақын Әлпия Кәрбозқызы Орманшинаның
туғанына – 70 жас (1955)**

**ЖАДНАМА**

Арқалық қаласы 2025 жыл

ӘОЖ 011
КБЖ 91
А 27

**Құраст., компьют.терген:** С. М. Көшкінбай
**Жауапты: ред:** Д. Е. Құсайын

**Құрастырушы:** С. М. Көшкінбай
**Шығарымға жауапты:** Д. Е. Құсайын
**Мұқабаны безендірген:** С. М. Көшкінбай
**Редактор:** Д. Е. Құсайын

Аруана жетектеген ақын [Мәтін] : [жаднама] // айтыскер ақын Әлпия Кәрбозқызы Орманшинаның 70 жас мерейтойына арналған) : Жаднама /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 32 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, дарынды ақын, республикалық және халықаралық айтыстардың лауреаты, ақын Әлпия Орманшинаның 70 жас мерейтойына арналған жаднаманы оқырмандар назарына ұсынамыз. Әлпия Кәрбозқызы қазақтың мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерінің дамуына елеулі үлес қосып, қазақ поэзиясында лайықты орын алған. Бұл жаднамада айтыскер ақынның өмірі жайында қысқаша мәліметтер жинақталған.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
Әдістеме-библиография бөлімі

# Айтыстың ару анасы




Ұстаз, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, есімі исі қазаққа танымал айтыскер ақын Әлпия Карбозқызы Орманшина 1955 жылы 23 ақпанда Амангелді ауданында дүниеге келді. Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтты бітірген. Мектеп қабырғасында жүргенде жазған алғашқы жырлары «Ақ желкен», «Қазақстан пионері» , «Тың шұғыласы» газеттерінде жариялана бастаған. 1986 жылдан ақындар айтысына қатысып, 1988 жылы Амангелді кентінде Қ.Қанжығалин мен С.Есенбаевтың құрметіне өткізілген айтыста алғаш рет жеңіске жетті. 1990 жылы Көкшетау қаласында өткен Үкілі Ыбырай тойына арналған айтыста, 1991 жылы Гурьев қаласында Махамбет Өтемісовтың құрметіне ұйымдастырылған айтыста бас жүлделерге ие болды. Омбы қаласында өткен қазақ мәдениетінің онкүндігіне қатысқан. 1997 жылы Петропавл қаласында ұйымдастырылған аймақтық айтыста бірінші орын алды. Ұзақ жылдар бойы Амангелді кенті мен Қостанай қаласындағы бүлдіршін ақын – жыршылар үйірмелерінде жас буынды айтыс өнеріне баулумен айналысып келеді.

2007 жылы Қазақстанда алғашқы болып «Жас ақындардың үздік ұстазы» атағын алды. «Мен даламның қызымын...» (2004), «Еңлік көңіл ойнақтайды далада» (2009) жыр жинақтары баспадан шыққан.

## Шығармалары:

1. Мен даламның қызымын... [Мәтін] : өлеңдер мен поэма, айтыстар / Ә. К. Урманшина. – Алматы : Мектеп–Болашақ, 2004. – 216 б.

## Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

Орманшина, Әлпия. Айтыс керуені Ұзынкөлде жалғасты [Мәтін] : [ауданымызда өткізілген айтыс өнері жайында] / Әлпия Орманшина // Қостанай таңы. – 2012. – 10 сәуір . – Б. 8.

Орманшина, Әлпия. Пейіш мәңгі ананың жүрегінде, Қазақстан егеменді ел бүгін, Жалғыздығым жанымды жылатқанда, Өмір туралы толғау [Мәтін] : [өлеңдер] / Әлпия Орманшина // Қостанай таңы. – 2008. – 13 маусым. – Б. 6.

Орманшина, Әлпия. Киелі кең жазира Қостанайым ; Шекарашыларға ; Дархан дала ; Жүре тұршы ақ әжем [Мәтін] : [өлеңдер] / Әлпия Орманшина // Қостанай таңы. – 2006. – 29 қыркүйек. – Б. 11.

Орманшина, Әлпия. Серік Тұрғынбекұлына [Мәтін] : [өлеңдер] / Ә. Орманшина // Қостанай таңы. – 2006. – 7 шілде. – Б. 6.

Орманшина, Әлпия. Тілейтұғын елімнің амандығы ; Қазақ халқы әлмисақтан ерекше ; Өлеңім ұрпақ үшін жаққан шырақ ; Амалың жоқ жармасасың қаламға ; Әйел сені сүймесін...; Егіз жолдар [Мәтін] : [өлеңдер] / Әлпия Орманшина // Қостанай таңы. – 2006. – 7 шілде. – Б. 6.

Орманшина, Әлпия. Сыйнам ақын ата әруағына.. [Мәтін] : [ақын Сәт Есенбаев туралы] / Әлпия Орманшина // Ақ жол. – 1992. – 1 тамыз. – Б. 2.

Орманшина, Әлпия. Пейіш мәңгі ананың жүрегінде ; Қазақстан егеменді ел бүгін ; Жалғыздығым жанымды жылатқанда ; Өмір туралы толғау [Мәтін] : [өлеңдер] / Әлпия Орманшина // Қостанай таңы. –2008. – 13 маусым. – Б. 6.

Орманшина, Әлпия. Мен даланың қызымын... [Мәтін] : [өлеңдер] / Әлпия Орманшина // Қостанай таңы. – 2007. – 23 мамыр. – Б. 5.

## Ол туралы:

Тобыл толқындары [Мәтін] : әдеби альманах 3 / бас ред.: А. Шаяхмет ; алғы сөз жазған: Г. Казина, Н. Мұқатов, А. Суслова. – Қостанай, 2015. – 315 б.

Тобыл толқындары [Мәтін] : әдеби альманах : [2-шығарылымы] / [баспаға Л. Толстой ат. ОӘҒК әдеби орталығының сараптама кеңесі ұсынған]. – Қостанай : Қостанай баспа үйі, 2014. – 176 б.

Тобыл толқындары [Мәтін] : әдеби альманах / бас ред.: А. Шаяхмет. – Қостанай, 2012. – 222 б.

Тобыл толқындары : әдеби альманах / бас ред.: А. Шаяхмет. – Қостанай, 2012. – 222 б.

Қазіргі айтыс. 1-кітап / құраст.: И. Нұрахметұлы, С. Дүйсенғазин ; жалпы ред. басқарған М. Жолдасбеков ; алғы сөзін жазғ.: М. Жолдасбеков. – Астана: Күлтегін, 2006. – 312 б.

# Мерзімді басылым беттерінде жариялымдар

## ӘЛПИЯ АҚЫН ҚАМЫСТЫДА

Қамысты ауданы әкімшілігінің шақыруы бойынша 2010 жылы 21 қазан күні аудандық мәдениет үйінде қазақтың алғаш аруының (?) мұңды өтті. Қазақтың төл өнер айтысқа сусынған елдің қуанышында шек жоқ еді. Әлпия апай өзінің бірнеше өлеңдерін оқып,





зейнеткерлерге кітабын сыйлап өз қол таңбасын қойдырды. Қамысты қазақ орта мектебі бүлдіршіндері ақынның кітабынан тақпақтар оқып, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін аспанға көтеріп тастады.

Республикаға белгілі айтыскер Салтанат Өтелбаева өз арнауын жыр қылып төкті. Оспанов Марғұлан орындаған толғау көрермендерге үлкен толқыныс сыйлады. Әнші Фариза Әлпия апайдың сөзіне жазылған бірнеше әндерін орындап елдің алғысына бөленді. Ең қызығы жергілікті ақын Нұртазин Мұқан мен Әлпия апайдың әзіл айтысы болды. Екі сағатқа созылған бұл кездесу соңында аудан басшылары ақынға халқымыздың салты бойынша шапан жауып сый-сияпат жасап, сәт сапар тілеп аудан ақсақалы Есенбай Сейітбек ағай өнер иелеріне үлкен алғыс айтып ақ батасын берді. Келген қонақтарға демеуші болған "Аққөл" серіктестігінің директоры Ахметжанов Асқар Сейткерей ұлына алғысымыз шексіз.

Сөйтіп мемлекеттік тілді дамыту, оны ұлықтау мәселесі бойынша істеліп жатқан шараның біреуі осы кездесу еді.

Ендеше сәт сапар тілейік.

**Ж. ЖАКЕНОВ.**
**Суретті түсірген Е. БЕКМУХАМЕДОВ.**

РУХАНИЯТ

## Айтыс өнерінің хас шебері

**Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Әлфия Орманшина туралы**



# Ең үздік ұстаз - Әлфия

[illegible]






[illegible]

# «Аруана ақынмен» көріскен күн



1-бет.

Амал мерекесі күні облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнескор орталығы үлгі боларлық бастама жасап отыр. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» шарасы аясында орталық қызметкерлері ҚР Мәдениет қайраткері, айтыстың белгілі майталманы Әлфия Орманшина анамыздың шаңырағына барып, көрісу рәсімін өткізіп келді.

Әлфия Қорбозқызы – тәуелсіз Қазақстан тарихында айтыстағы бас жүлдеге тігілген Ойсылқара інгенін тұңғыш жеңіп алған ақын. Сол себепті, ел арасында «Аруана жетектеген ақын», «Аруана ақын» атанып кетті.

– Қазақта үлкенге құрмет көрсету, қадір тұту ежелден келе жатқан тәрбиелік мәні зор дүние. Ата-бабаларымыз әлімсақтан Ұлыстың ұлы күні қарсаңында, соның ішінде Амал мерекесі күнінен бастап жасы үлкенге, қарттарына сәлем бере барып, ерекше ілтипат жасаған. Қариялардың батасын алған. Әлфия апайымыз – өнер-мәдениет саласындағы үлкен ардагер анамыз. Бір жағы апамыз өзіміздің орталықта қызмет етті. Ол кісі әріптесіміз ғана емес, барлығымыздың ақылшымыз болды. Қазіргі күні де біз ел анасымен үнемі тығыз байланыстамыз. Удайы кеңесін айтып, білмегенімізді үйретіп отырады. Ал көрісу рәсімі жұмымен тоқтап қалмайды. Алда өңіріміздің мәдени-рухани өміріне сүбелі үлес қосқан аға буынға бару жоспарымызда бар, – дейді орталық өкілдері.

Сәлем берушілер айтыс ақынына кітаптар сыйға тартып, өлең шашу шашты. «Сыйға – сый, сырға – бал», Әлфия апай да келген мейманларға ақ тілегін арнап, жырдан арнау арнады.

Халық батыры Исатай Тайманұлының туғанына — 200 жыл

# Кімдер іңкәр болмаған ақындардың сөзіне

Міне, қыркүйектің 17-і күні кеште, төріне халық батыры Исатай Тайманұлының үлкен портреті ілінген Махамбет атындағы қазақ драма театрының сахнасына көрермендер асыға күткен ақындар да шықты. Бұлардың арасында былтырғы Махамбет атындағы «Жыр-семсер» айтысының бас жүлдегері, торғайлық Әлфия Орманшина, өлең сөздің жүйріктері шымкенттік Мұқтар Құралов, Құрмаш Жылқыбаев, Талап Өскенбаев, алматылық Сейгек Бопанов, қызылордалық Серік Ыдырысов, гурьевтік Салауат Исахаев, Амангелді Есенғалиев және басқалар бар.

Айтыс салтанатын Исатай Тайманұлының 200 жылдығын өткізу жөніндегі облыстық ұйымдастыру комитетінің төрағасы Ә. Бисенов кіріспе сөз сөйлеп ашты.

Бұдан кейін жұртшылыққа айтыстың әділқазылар алқасы таныстырылды. Оның төрағасы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Фариза Оңғарсынова, құрамында «Жалын» журналы бас редакторының орынбасары Мереке Құлкенов, ақындар Тыныпбай Рахимов, Көкен Шакеев, Нұралы Әжіғалиев, Гурьев облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Еркінбек Халидуллин, мәдениет жөніндегі комитет төрағасының орынбасары Алтынбек Нысанғалиев, радио және телевизия хабарларын тарату жөніндегі комитеттің төрағасы Айтқали Нұрғалиев бар.

Айтысты Қазақ КСР-інің халық ақыны, Қазақстан ақын-жыршылар одағының президенті Көкен Шакеев беташар жырмен бастады.

Зал халыққа лық толы. Алғашқы күні Әлфия Орманшина мен шығысқазақстандық Серікхан Жақиянов, ақтөбелік Гималай Атшыбаев пен шығысқазақстандық Аян Ізтаев, талдықорғандық Бекболат Аташбаев пен оралдық Сағынтай Бисенғалиев, гурьевтік Шынарбек Қабиев пен қызылордалық Ерлан Ысмайылов, гурьевтік Жаниба Қарасаева мен Жайғали Өтеубаев, қызылордалық Жәмила Ахметова мен гурьевтік Қадырбай Жолаев айтысты. Бұл күні жерлесіміз жас талант Шынарбек Қабиев келелі ой қозғауымен көзге түсті.

К. ӘМІРОВ.



Суретте: ақындар торғайлық Әлфия Орманшина мен шығысқазақстандық Серікхан Жақиянов айтыс үстінде.
Суретті түсірген А. Теміров.

---

29 қыркүйек 2006 жыл

### *Киелі кең жазира Қостанайым*

Құшағы ашық тұрар досқа дайын,
Киелі кең жазира Қостанайым.
Мен үшін баға жетпес жер ұйығым.
Әнімнен, жырымнан да тастамаймын.
70 жыл толды міне облысқа,
Қалайша шашу жырды бастамайын.
Тойыңыз тойға ұлассын ағайындар,
Тобылдай толқып бүгін шаттанайын.

Пейілі даладай кең тарылмаған,
Келеді ұрпақ өсіп-жалындаған.
Асуың 70 жылдық құтты болып,
Жасай бер әнді далам, дәнді далам.
Өсіріп төрт түлік мал жайлауында,
Нарықтың қыспағына бағынбаған.
От жағып барлық ұлтта ошағында,
Достықтың соқпағынан жаңылмаған.

Ардақтап Қостанайым өтемін де,
Алыстап туған жерден кетемін бе?
Айналған бүгінгі күн құтты қала,
Ұлттар мен ұлыстардың мекеніне.
Береке, бірлік, достық басын қосқан,
Ермеген әзәзілдің жетегіне.
Ұрпағың есті болып ағайындар,
Бейбіт күн жайнап тұрса жетеді де.

Толтырдым тойға шашу жыр арнасын,
Татулық ағайынның құрар басын.
Жайқалсын ақ бидайың кең даланда,
Қос анаң Тобыл, Торғай суалмасын.

### *Дархан дала*

Дала дархан, дала дарын киелі,
Ұрпағына анасындай иеді.
Саф алтындай әрбір жұтым ауасы,
Самал желі бетіңнен кеп сүйеді.

Көк майсасы,жайқалған жас құрағы,
Табаныңа жылы-жұмсақ тиеді.
Көктем туып, жыл құстары келгенде,
Қызғалдақтан әсем көйлек киеді.

Ақ селеуі толқып тұрған теңіздей,
Ойпаттары бүлдіргенді, шиелі.
Көк жуасы, қымыздығы балбырап,
Тілді үйіріп жанға рахат үйеді.

Ақ нөсерге шомылдырып аларда,
Ашық аспан сәл қабағын түйеді.
Мөлдір сулы өзен, көлі, айдыны,
Тал, терекпен көмкерілген жиегі.

Байтақ далам міне менің осындай,
Өлең туар жырлап кетсең жүйелі.
Араласаң жан сарайың ашылар,
Ағытылып маржан сөздің тиегі.

### *Шекарашыларға*

Бастырмас жансыздарға екі араны,
Ақ пейіл, адал жандар өте алады.
Мың алғыс азаматтар өздеріңе,
Көз ілмей қорғап тұрған шекараны.

Тілегін аналардың тыңдасын көп,
Сақтықты ел аралық шыңдасын деп.
Әркашан аспанымыз ашық болсын,
Ұйқысын сәбилердің бұзбасын деп.

Әр қайсың тас қамалға барабарды,
Көре алмас дұшпан бізді табалады.
Қамалың берік болсын, елің тыныш,
Құдайым жылатпасын аналарды.

Бар сізді танымайтын, танитындар,
Сіздерсіз ақ алғысқа жаритындар.
Бес жылдық мерекеңіз құтты болып,
Болғайсыз елу жылдық тарихы бар.

Болыңдар ел қорғауда дара дарын,
Ұмытпай ата-ана мен бала барын.
Қорғаңдар байтақ жатқан даламызды,
Қалдырған аманат қып бабаларың.
Жайнасын туған дала гүлге оранып,
Гүлденсін Иран бақтай қалаларың.
Сақтаңдар көздеріңнің қарасындай,
Сақтықпен келгенінше шамаларың.

### *Жүре тұршы ақ әжем*

Теперішті көрмеді екен қай ғана,
Біледі оны туыс- туған, қаймана.
Өзім үшін анасындай патшаның,
Өзгелерге қара кемпір жай ғана.

Анашыммен бөлісетін табысын,
Әулетінің бірге қорғап намысын.
Елу жылда ища десіп көрмеген,
Тату болса ас көп деген абысын.

Баласындай бірақ үйдің бәріміз,
Көп болса да айтарлықтай санымыз.
Үлкендері кетіп жатыр арадан,
Балалары ұйымшылмыз әлі біз.

Анам кетті, әжеміз бар бүгінде,
Шуақ тұрар мейіріммен үнінде.
Тағдырының талай көрген тәлкегін,
Білдірмейді жаман-жақсы бірін де.

Шүйкедей-ақ қара кемпір қажырлы,
Тарау-тарау ажары да әжімді.
Алақаны бір сипаса арқаңнан,
Жадыратар жылап тұрған жаныңды.

Қатты айтып мұның қате демедің,
Жақсы ісіміз болса, көптей еледің.
Өзім үшін айдай сұлу әжекем,
Мына тоқсан жасап жатыр дегенін.

Жүре тұршы көпті көрген анамыз,
Өзің болсаң мейірімге қанамыз.
Сен жүргенде біздер әлі баламыз,
Сен жоқ болсаң кемпір-шал боп қаламыз.

Әлпия ОРМАНШИНА.

ауданының әншісі. Гүлмира апайымыз Қостанай қаласында өткен "Әнім де, жырым да сен, туған ел" әуесқой халық шығармашылығы фестивалінің гала-концертінде жанға жайлы сыңғырлаған дауысымен ән салған болатын. Гүлмира Ғұбайдулинаның сахнада өзін ұстауы, таңдаған әні де көрерменнің көңілінен шығып жатты. Ол бұған дейін де көптеген сахналарда ән салып, көпшіліктің көзайымына айналып та үлгірген. Бүгіндері Гүлмира Ғұбайдулина Аманкелді ауданындағы мәдениет үйінің солисті. Аманкелділіктер әнші қыздарын облыстық фестивальға сенім арта жіберуінің өзі Гүлмира үшін үлкен жауапкершілік.

## Асқар тауым биіксің

### (Кәрімжанға)

Сен барыңда мен неден жасқанайын,
Тұр төбемде мөлдіреп аспан, айым.
Асқар шыңсың алдымда ақ қар басқан,
Бұлағың боп өзіңнен басталайын.
Далам менен жаңаша күй тыңдасын,
Тұнығымнан сіміріп сусындасын.
Сылдыр қағып жатсыншы көңілім кіл,
Жағасында аққу, қаз қиқуласын.
Таудан асып тасиын, жарды соғып,
Жамандықтар толқынға қалсын тоғып.
Гүл жайнасын қойнауың берекелі,
Қырмызы қыр кілемін жатсын тоқып.
Құлайын құздарыңның сүйіп төсін,
Мәртебем меніңдағы биіктесін.
Бал суыма қанған ел риза боп,
«Бастауы бұл бұлақтың биік» десін.
Сонда сен кекілімді тарайсың да,
Күндей күліп ұлыңа қарайсың ба?
Күліп тұрып миықтан айтарсың-ау:
«Маған тартса талмас — деп, талай сынға».
Есімде талай бейнет өткергенің,
Өмірдің көрген қиын өткелдерін.
Өзіңнің теріңменен гүл жайнайды,
Мынау менің әдемі бөктер, белім.
Жүрдің сен сұм соғыста от оранып,
Таңды күтіп алдағы атар анық.
Бейбіт күнде аттандың ер еңбекке,
Ақтылы қой алдыңа отар алып.
Сол үшін жалына арман жармасамын,
Борышыңды өтеуге алға асамын.
Қиындықты кездескен қиып өтер,
Кеудемді кернеп жатқан алмас ағын.

Сабыр ҚАРМАНОВ.

*Жүрегім сыңар, серігі кетті таптырмай,*
*Өмір теңіз жағаға мені лақтырды-ай.*
*Дауылды күні амалсыз толқып айдыным,*
*Сыңарына оқ тиген қалдым аққудай.*

*Тағдырдың жолы осылай екен бұралаң,*
*Абайсызда сүрінсең тұрмас жырадан.*
*Жалғыз қайың секілдімін жапанда,*
*Найзағай түсіп сыңары сынып сұлаған.*

*Жүрегім менің, сыңарсыз қалған бүгінде,*
*Салмақтылау көтеретін жүгін де.*
*Сап-сап көңілім шүкір ет қолда барыңа,*
*Жасық жандардай өмірден текке түңілме.*

*Жүрегім менің, түңілме мына жалғаннан,*
*Сен ғана емес талайлар солай алданған.*
*Сыңарыңнан үзілген жібің қапыда,*
*Үзілмейтін ұрпағыңмен жалғанған.*

*Жүрегім менің, түңіліп сонша нетесің,*
*Ұрпағыңмен толтыр жоқтың есесін.*
*Сәбилердің күлкісімен ұмытып,*
*Құрағандай өмірдің сынық кесесін.*

## Қас-қағым

*Сақтаған бойға парасат, ақыл, ізгілік,*
*Жиырма бес жыл өзіңмен өтті бір жүріп.*
*Жиырма бес күн өзіңсіз атып арай таң,*
*Жиырма бес күн тұрғалы көкте күн күліп.*

*Өзіңмен еткен жиырма бес жыл ағымды,*
*Биіктерге көтерген менің бағымды.*
*Жиырма бес минут адыра етті бәрін де,*
*Елестетіп жалт еткен бір сәт сағымды.*

*Өтіпті жылдар қуаныш, қайғы алмасып,*
*Түсінуші едің жанымды менің дәл басып.*
*Жиырма бес санын оқысаң теріс шығады,*
*Тіршіліктегі өткізген ғұмыр бар жасың.*

*Тағдыр бізді сындарға талай лақтырып,*
*Тудырды кейде қуаныш пенен сәттілік.*
*Жиырма бес сан жаралған бастан тақ болып*
*Мені де кетті өмірде қалған тақ қылып.*

*Аққудаймын сыңарсыз қалған айдында,*
*Иығымды басқан қара бұлт тектес қайғым да.*

*Жаны жайсаң дара боз,*
*Елінің мұңын мұңдапты.*
*Жүгендеген екі бес,*
*Әсиядай асыл қыз,*
*Біздерге Алла сыйлапты.*
*Екі бесі бақ берсін,*
*Құт-береке ап келсін,*
*Шөбере сүйсін шұбыртып,*
*Баллардың көріп қызығын,*
*Ағамызбен бір жасап,*
*Қолдасын елі еркесін.*

## Қостанайдың түлегі өзің аға

*Зеңгір аспан, мұнартқан, байтақ дала,*
*Мекен етіп талайлар болған пана.*
*Туғызыпты өзіңдей бір асылды,*
*Даладай кең көңілі ақын аға.*

*Аңқылдасаң кеңдігің даладайсың,*
*Бар-жоғына артында қарамайсың.*
*Алпыс жасқа келсең де алшаң басып,*
*Жаны таза жас сәби баладайсың.*

*Ағасың ғой арқалы бағы басым,*
*Жырларыңды оқыған бағымдар шын.*
*Ақаң, Жақаң, Ыбырай, Нұржандар мен,*
*Нұрхан, Сырбай, Ғафулар сабындасың.*

*Ұрпаққа үлгі мән жатыр өлеңіңде,*
*Маржандайын теңіздің тереңінде.*
*Сегіз қырлы, бір сырлы дарасыз ғой,*
*Он саусақтың өрбіткен өнерін де.*

*Көңілі биік күн менен айдан ағам,*
*Еш пендеге жамандық ойламаған.*
*Торғай, Шилі өзені шомылдырып,*
*Өз ұлым деп кең дала аймалаған.*

*Бар бойыңа жарасқан төзім ғана,*
*Жыр туғызған тулаған сезім дана.*
*Туған жерді пір тұтып Қадірлейтін,*
*Қостанайдың түлегі өзің аға.*

# Ақынның әдебиеттері










DIPLOMA

НАГРАЖДАЕТСЯ УЧАСТНИК ЭНЦИКЛОПЕДИИ

УРМАНШИНА АЛПИЯ

за высокое профессиональное мастерство и
самоотверженную работу во благо Республики Казахстан

ПРЕЗИДИУМ СОВЕТА

0000159

## ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ" ГАЗЕТІ: «Аруана ақынмен» көріскен күн

Батыс өңірдегі Отпантаудан басталатын Амал мерекесі жыл өткен сайын Ұлы Даланың барлық түкпіріне тарап келеді. Ұлыстың ұлы күнінің әлқиссасы саналған бұл мейрам бағзыдан байырғы мекенімізде кең көлемде тойланып келгенмен, кеңестік дәуірде ұмыт қалып еді.

Мемлекет басшысы биыл Наурызды 10 күн, яғни үшінші айдың 14-нен 23-не дейін тойлау жөнінде ұсыныс жасады. Жобада Наурыз мейрамын тойлауға байланысты іс-шараларды 10 күн бойына өткізу жоспарланғаны көрсетілген. Мәдениет және спорт министрлігі Президенттің тапсырмасы аясында «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын бекіту туралы» үкімет қаулысының жобасын әзірледі. Тұжырымдамаға сәйкес 14 наурыз – «Көрісу күні» болып бекітілді.

Амал мерекесі күні облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы үлгі боларлық бастама жасап отыр. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» шарасы аясында орталық қызметкерлері ҚР Мәдениет қайраткері, айтыстың белгілі майталманы Әлпия Орманшина анамыздың шаңырағына барып, көрісу рәсімін өткізіп келді.

Әлфия Кәрбозқызы – тәуелсіз Қазақстан тарихында айтыстағы бас жүлдеге тігілген Ойсылқара інгенін тұңғыш жеңіп алған ақын. Сол себепті, ел арасында «Аруана жетектеген ақын», «Аруана ақын» атанып кетті.

— Қазақта үлкенге құрмет көрсету, қадір тұту ежелден келе жатқан тәрбиелік мәні зор дүние. Ата-бабаларымыз әлімсақтан Ұлыстың ұлы күні қарсаңында, соның ішінде Амал мерекесі күнінен бастап жасы үлкенге, қарттарына сәлем бере барып, ерекше ілтипат жасаған. Қариялардың батасын алған. Әлфия апайымыз – өнер-мәдениет саласындағы үлкен ардагер анамыз. Бір жағы апамыз өзіміздің орталықта қызмет етті. Ол кісі әріптесіміз ғана емес, барлығымыздың ақылшымыз болды. Қазіргі күні де біз ел анасымен үнемі тығыз байланыстамыз. Ұдайы кеңесін айтып, білмегенімізді үйретіп отырады. Ал көрісу рәсімі мұнымен тоқтап қалмайды. Алда өңіріміздің мәдени-рухани өміріне сүбелі үлес қосқан аға буынға бару жоспарымызда бар, — дейді орталық өкілдері.

Сәлем берушілер айтыс ақынына кітаптар сыйға тартып, әннен шашу шашты. «Сыйға – сый, сыраға – бал», Әлфия апай да келген меймандарға ақ тілегін арнап, жырдан арнау арнады.

https://www.instagram.com/culture_qostanai/?e=56568fc9-5765-4777-a25b-4c436d5ca500&g=5








**Ақын Әлпия Орманшинаның фото-суреттері**




















60 жас!!!
"Достык" мейрамхана
08.05.2011год


потускнеют нити.
Жеңіс күнімен ардагерлер!
Ардагерлер жасасын!
ветеранам!


90 ЖЫЛ




ОРМАНШИНА
Алпия Карбозкызы
(1955)
айтыскер, акын,
Заслуженный деятель
культуры
Республики Казахстан

# МАЗМҰНЫ

Айтыстың ару анасы..........................................................................5 бет
Шығармалары..................................................................................6 бет
Мерзімді басылым беттердегі жариялымдары...............................6 бет
Ол туралы.........................................................................................7 бет
Мерзімді басылым беттеріндегі жариялымдар...............................8-11 бет
Ақынның әдебиеттері.......................................................................12 бет
ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ" ГАЗЕТІ:
«Аруана ақынмен» көріскен күн......................................................13-14 бет
Ақын Әлпия Орманшинаның фото-суреттері..................................15-27 бет

**Біздің кітапхананың мекен-жайы:**
**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы,**
**Родина ауылы**
**Гагарина көшесі, 21. Тел. 2-10-18**
**E – mail:cbs10@mail.ru**

***Құрастырған: Көшкінбай С.М.***

*Тексерген: Исабекова Л.Б.*
*Жауапты: Құсайын Д.Е.*
*Компютірлік терілім: Көшкінбай С.М.*
*Таралым: 25*